

«Коммек-Өмір» өмірді сақтандыру компаниялары» Акционерлік Қоғамы бойынша 2025 жылғы «01» қаңтарға түсіндірме жазба

«Коммек-Өмір» Сақтандыру Компаниясы» Акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Компания» Қазақстан Республикасында 1991 жылғы 19 қарашада Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылды.

03.10.2022 ж. Компания акционерлері Компанияның атауын, сақтандыру саласын өзгерту және «жалпы сақтандыру» сақтандыру портфелін беру туралы шешім қабылдады.

Акционерлердің шешімін іске асырудың нәтижесінде, Компанияның атауы «Коммек-Өмір» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ болып өзгертілді, Компания «өмірді сақтандыру» саласы бойынша қызметті жүзеге асырады. «Жалпы сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру портфелі «жалпы сақтандыру» саласы бойынша қызметті жүзеге асыратын жаңа сақтандырушыға табысталды.

«Коммек-Өмір» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен «өмірді сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына 01.02.2023 ж. № 2.2.16 лицензиясын алды:

ерікті сақтандыру түрінде:

1) өмірді сақтандыру, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген сыныпты қоспағанда;

2) аннуитетті сақтандыру, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген сыныпты қоспағанда;

3) зейнетақылық аннуитеттік сақтандыру;

4) жазатайым оқиғалардан сақтандыру;

5) ауыру жағдайына сақтандыру;

міндетті сақтандыру түрінде:

б) жұмыскерді еңбек (қызметтік) міндеттемелерін орындау кезінде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру.

28.02.2023 ж. Компания «Коммек-Өмір» ӨСК» АҚ мен «Сентрас Коммек Life» ӨСК» АҚ-ның, «Сентрас Коммек Life» ӨСК» АҚ-ның «Коммек-Өмір» ӨСК» АҚ-на қосылуы нысанында ерікті түрде қайта ұйымдастыру жөніндегі рәсімдердің бекітілгені және орындалғаны туралы және қосылудың шарттары мен тәртібі туралы хабарлады.

Компания іс-шаралар жоспары бойынша барлық рәсімдерді орындады, соның ішінде:

- «Коммек-Өмір» ӨСК» АҚ-ның және «Сентрас Коммек Life» ӨСК» АҚ-ның кредиторларына қайта ұйымдастыру туралы жазбаша хабарламалар жолданды,

- «Юридическая газета», «Заң», «Казахстанская правда», «Егемен Қазақстан» мерзімді баспасөз басылымдарында хабарландырулар жарияланды,

- табыстау актісі дайындалды және бекітілді, және қосылу арқылы қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Компания бұл туралы орналасқан жері бойынша салық органын жазбаша хабардар етті және бір мезгілде осындай есептілікті ұсыну жөніндегі міндеттеме туындаған салық кезеңінің басынан бастап оны салық органына табыс ету күніне дейінгі кезең үшін Компания төлеуші және (немесе) салық агенті болып табылатын салықтардың, бюджетке төленетін төлемдердің және әлеуметтік төлемдердің барлық түрлері бойынша табыстау актісін және тарату салық есептілігін ұсынды.

«Коммек-Өмір» ӨСК» АҚ барлық мүліктер бойынша, барлық құқықтар мен міндеттер бойынша және барлық кредиторлары мен борышкерлеріне қатысты қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның міндеттемелері бойынша, соның ішінде тараптар даулайтын міндеттемелер бойынша «Сентрас Коммек Life» ӨСК» АҚ-ның құқық мирасқоры болып табылады.

Халықаралық қаржылық есеп стандарттары (бұдан әрі - ХҚЕС) қағидаларына сәйкес, құқық мирасқоры қаржылық есептілікті тапсыру кезінде қаржылық есептілікті пайдаланушыларға есепті кезеңдегі Компанияның қосылуының сипаты мен қаржылық салдарын бағалауға мүмкіндік беретін қаржылық есептілік баптары тұрғысынан ақпаратты ашуды ұсынады.

Сатып алынған активтер мен қабылданған міндеттемелерді кейіннен бағалау және есепке алу ХҚЕС талаптарына, «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» заңға және бухгалтерлік есепті жүргізу қағидаларына сәйкес қаржылық есептілікте көрсетілетін болады.

«Қызметкерді еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» ҚР Заңының (бұдан әрі - ЖОМС туралы Заң) 17-1-бабының 2-1-тармағына сәйкес қызметкерді еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру резервтерін есептеу түзету коэффициентін қолдана отырып, ЖОМС туралы Заңның 17-бабына сәйкес есептелген сақтандыру сыйақысының мөлшерін негізге ала отырып жүзеге асырылады.

Компанияның активтері есепті күнге 37.558.598 мың теңгені, жыл басына 24.171.356 мың теңгені құрады.

Компанияның басқа активтері жоқ.

Компанияның міндеттемелері есепті күнге 30.336.452 мың теңгені, жыл басына 14.189.177 мың теңгені құрады.

Басқа міндеттемелер 38.791 мың теңгені, жыл басына 86.011 мың теңгені құрады.

Компания 385.000 мың теңге сомасына негізгі емес қызметтен сот талабы бойынша міндеттемелерді көрсетті. Қазіргі уақытта Компания апелляциялық сатыға өтінішхат берді.

«Бухгалтерлік баланс» 1-нысаны бойынша «Пайда мен залал туралы есеп» 2-нысаны бойынша деректермен деректер айырмасының сомасы 49.940 мың теңгені құрайды, оның ішінде:

- актив толық жойылғаннан кейін оны баланстан 49.940 мың теңге сомасында есептен шығарған кезде БП-ға қайта бағалау резервінің сомасын есептен шығару кезіндегі өзгерістер.

Компания басқа кірістерді мойындамады.

Өзге шығыстар 321.619 мың теңгені құрады. Өзге шығыстар сақтандыру Омбудсменінің жарналары бойынша шығыстардан; Қазақстан Сақтандырушылар қауымдастығы жарналарынан; Қазақстан Қаржыгерлері қауымдастығы жарналарынан; Қазақстанның Еуропалық бизнес-қауымдастығы жарналарынан; Young Professionals Organization (Жас мамандар ұйымы) жарналарынан; СТКҚ жарналарынан, өзге де шығыстардан; шетел валютасын сатудан түскен шығыстардан тұрады.

Компания сақтандыру (қайта сақтандыру) пулының бірлескен қызметі туралы жасалған шарт және оған 06.02.2023 ж. № 001 қосымша келісімдер негізінде сақтандыру (қайта сақтандыру) пулының қатысушысы болып табылады.

Ағымдағы жылы қабылданған жаңа стандарттар мен түсіндірулер

Қаржылық есептілікті жасау кезінде қабылданған есепке алу қағидаттары, 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген қабылданған жаңа стандарттар мен түсіндірулерді қоспағанда, Компанияның 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы қаржылық есептілігін жасау кезінде қолданылған қағидаттарға сәйкес келеді. Компания шығарылған, бірақ әлі күшіне енген стандарттарды, түсіндірулерді және түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ.

ХҚЕС (IFRS) 17 «Сақтандыру шарттары»

ХҚЕС (IFRS) 17, 2023 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдер үшін ХҚЕС (IFRS) 4 «Сақтандыру шарттарымен» алмастырылады. Компания ХҚЕС (IFRS) 17 өтпелі ережелерін қолдана отырып, 2022 жылғы салыстырмалы ақпаратты қайта қарады. Есеп саясатындағы өзгерістердің сипаты келесідей:

Жіктеу мен бағалаудағы өзгерістер

ХҚЕС (IFRS) 17 негізгі қағидалары келесідей, Компания:

Сақтандыру шартын бір тарап (шығарған тарап) екінші тараптан (полис ұстаушыдан), егер орын алуына сенімділік жоқ белгілі бір болашақ оқиға (сақтандыру жағдайы) полис ұстаушы үшін жағымсыз салдарға әкеп соқтыратын болса, полис ұстаушыға, өтемақы ұсынуға келісе отырып, елеулі сақтандыру тәуекелін қабылдап алатын шарт ретінде анықтайды.

Белгілі бір кіріктірілген туынды құралдарды, ерекшеленетін инвестициялық құраушыларды және сақтандыру шарты бойынша қызметтерден ерекшеленетін тауарларды немесе қызметтерді сақтандыру шарттарынан бөледі және оларды басқа стандарттарға сәйкес ескереді.

Сақтандыру және қайта сақтандыру шарттарын, өзі мойындайтын және бағалайтын топтарға біріктіреді.

Сақтандыру шарттарының топтарын келесі бойынша таниды және бағалайды:

✓ тәуекелді ескере отырып, бақыланатын нарықтық ақпаратқа сәйкес келетіндей орындаудан түскен ақша ағындары туралы барлық қолда бар ақпаратты қамтитын болашақ ақша ағындарының (орындаудан түсетін ақша ағындарының) түзетілген келтірілген құны бойынша; және

✓ шарттар тобы бойынша еңбексіз табылған пайданы білдіретін сома бойынша (шартта көзделген қызметтер үшін маржа немесе ШКҚМ).

Сақтандыру шарттары тобынан түскен түсімді, Компания сақтандыру шарты бойынша қызмет көрсеткен әрбір кезең ішінде, сақтандыру өтемінің аяқталуына қарай мойындайды. Егер шарттар тобы өтемінің қалған кезеңінде ауыртпалықты (яғни, залалды) болады деп күтілсе, Компания залалды дереу мойындайды.

Сақтандыру шарттарының тиісті тобы танылғанға дейін төленген немесе артқан аквизициялық ақша ағындарына қатысты аквизициялық ақша ағындары үшін активті мойындайды. Аквизициялық ақша ағындары сақтандыру шарттарының байланысты тобын бағалауға енгізілген кезде мұндай активті тану тоқтатылады.

ХҚЕС (IFRS) 17 сәйкес, Компания жасаған өмірді сақтандырудан басқа барлық сақтандыру шарттары және өмірді сақтандырудан басқа сақтандыру бойынша ұсталатын қайта сақтандыру шарттары сыйақыны бөлу моделі (РАА) бойынша бағаланады. ХҚЕС (IFRS) 17 көрсетілген жалпы модельмен салыстырғанда РАА сақтандыру шарттарын бағалауды жеңілдетеді.

РАА бойынша сақтандыру шарттарын бағалау, ХҚЕС (IFRS) 4 сәйкес Компаниямен бұрын қолданылатын еңбекпен табылған сыйақы бағалаудан келесі позициялар бойынша ерекшеленеді:

Өтемінің қалған бөлігі бойынша міндеттеме аквизициялық ақша ағындарын шегергендегі және ұсынылған сақтандыру қызметтері үшін түсім құрамында танылған сомаларды шегергендегі алынған сыйақыларды көрсетеді.

Өтемінің қалған бөлігі бойынша міндеттемені бағалау, егер сақтандыру сыйақысын төлеу мерзімі мен қызметтерді ұсынудың тиісті кезеңі бір-бірінен 12 айдан артық мерзімге ерекшеленетін болса, ақшаның уақытша құнын және қаржылық тәуекелдің әсерін ескере отырып түзетуді қамтиды.

Өтемінің қалған бөлігі бойынша міндеттемені бағалау, залал компонентін есептеу мақсатында, шарттар тобы ауыртпалықты болып табылған кезде қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзетуді нақты түрде бағалауды қамтиды.

Туындаған талаптар бойынша міндеттемені бағалау (бұрын мәлімделген, бірақ реттелмеген залалдар резерві және орын алған, бірақ мәлімделмеген залалдар резерві) ықтималдығы бойынша мөлшерленген дисконтталған күтілетін құн негізінде анықталады және қаржылық емес тәуекелге нақты түзетуді қамтиды. Туындаған талаптар бойынша міндеттемелерге Компанияның басқа сақтандыру шығындарын төлеу бойынша міндеттемелер де кіреді.

Өтемінің қалған бөлігі бойынша (ұсталатын қайта сақтандыру үшін төленген қайта сақтандыру бойынша сыйақылар болып табылатын) активті бағалау, егер мұндай шарттар ауыртпалықты сақтандыру шарттарын қайта сақтандыратын болса, ауыртпалықты сақтандыру шарттары бойынша күтілетін шығындарды өтеуді көрсететін залалды өтеу компонентін ескере отырып түзетіледі.

Компания ерікті медициналық сақтандыру шарттарының пайда болған сәтіндегі олардың портфелі бойынша аквизициялық шығыстарды таниды және жазатайым оқиғалардан сақтандыру шарттарының портфелі бойынша аквизициялық ақша ағындарын капиталдандырады.

Ақпаратты ұсыну және ашу өзгерістері

Қаржылық жағдай туралы есепте ұсыну үшін Компания шығарылған сақтандыру және қайта сақтандыру шарттарының және ұсталатын қайта сақтандыру шарттарының портфельдерін біріктіреді және оларды бөлек ұсынады:

- ✓ активтер болып табылатын ұсталатын қайта сақтандыру шарттарының портфельдері;
- ✓ міндеттемелер болып табылатын шығарылған сақтандыру шарттарының және қайта сақтандыру шарттарының портфельдері.

Жоғарыда аталған портфельдер ХҚЕС (IFRS) 17 талаптарына сәйкес бастапқы тану кезінде құрылған портфельдер болып табылады.

Компания қаржылық есептілікке келесілерге қатысты ескертулерде бөлшектелген сапалық және сандық ақпаратты ашады:

- ✓ сақтандыру шарттары бойынша қаржылық есептілікте танылған сомаларға қатысты;
- ✓ стандартты қолдану кезінде осы пайымдаулардағы елеулі пайымдаулар мен өзгерістерге қатысты.

Өту күніне, 2022 жылғы 1 қаңтарға, Компания:

- ✓ сақтандыру шарттарының әрбір тобын ХҚЕС (IFRS) 17 әрқашан қолданылғандай анықтады, мойындады және бағалады;
- ✓ сақтандыру активтерінің аквизициялық ақша ағындары үшін активтерді ХҚЕС (IFRS) 17 әрқашан қолданылғандай анықтады, мойындады және бағалады, тек ұйым өту күніне дейін активтің өтелуін бағалауды жүзеге асыруға міндетті емес деген ерекшелікпен. Өту күніне өтемақыны бағалау жүргізілді және құнсыздандудан туындаған залал анықталған жоқ;
- ✓ ХҚЕС (IFRS) 17 әрқашан қолданылған жағдайда болмайтын қолданыстағы қалдықтарды тануды тоқтатты;
- ✓ нәтижесінде меншікті капитал құрамындағы таза айырмашылықты таныды.

ХҚЕС (IFRS) 17 қолданудың 2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есепке тигізетін әсері:

Мың теңге	1 қаңтар 2023 жыл	ХҚЕС (IFRS) 4 мойындауды тоқтату	ХҚЕС (IFRS) 17 әсері	2023 жылғы 1 қаңтар (қайта есептелген)
Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешек	535,997	(523,179)	(12,818)	—
Еңбек сіңірілмеген сақтандыру сыйақылар резерві, қайта сақтандырушының үлесі	248,865	(248,865)	—	—
Сақтандыру талаптарын реттеуге арналған шығындар мен шығыстар резерві, қайта сақтандырушының үлесі	1,790,550	(1,790,196)	(354)	—
Қайта сақтандыру шарттары бойынша активтер	—	—	345	345
Кейінге қалдырылған салық активтері / міндеттемелері	1,770	—	(1,770)	—
Сатуға арналған айналымды емес активтер	—	—	2,569,526	2,569,526
Басқа активтер	519,696	(7,286)	12,818	525,228
Еңбек сіңірілмеген сақтандыру сыйақылар резерві	6,980,747	(6,706,711)	(274,036)	—
Сақтандыру талаптарын реттеуге арналған шығындар мен шығыстар резерві	6,349,199	(4,711,408)	(1,637,791)	—
Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша кредиторлық берешек	340,161	(310,007)	(30,154)	—
Сақтандыру шарты бойынша міндеттемелер	—	—	2,066,942	2,066,942
Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер	54,811	(64,568)	62,341	52,584
Табыстауға арналған айналымнан тыс міндеттемелер	—	11,732,877	—	11,732,877
Басқа міндеттемелер	621,608	(4,751)	30,154	647,011

ХҚЕС (IFRS) 17 қолданудың 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есепке тигізетін әсері:

Мың теңге	1 қаңтар 2022 жыл	ХҚЕС (IFRS) 4 мойындауды тоқтату	ХҚЕС (IFRS) 17 әсері	2022 жылғы 1 қаңтар (қайта есептелген)
Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешек	64,214	411,261	(475,475)	—
Сақтандыру талаптарын реттеуге арналған шығындар мен шығыстар резерві, қайта сақтандырушының үлесі	272,297	(272,297)	—	—
Қайта сақтандыру шарттары бойынша активтер	—	—	293,121	293,121
Кейінге қалдырылған салықтық активтер	5,228	(10,405)	5,177	—
Басқа активтер	405,521	—	475,475	880,996
Еңбек сіңірілмеген сақтандыру сыйақылар резерві	601,606	(601,606)	—	—
Сақтандыру талаптарын реттеуге арналған шығындар мен шығыстар резерві	6,198,740	(6,198,740)	—	—
Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша кредиторлық берешек	38,309	—	(38,309)	—
Сақтандыру шарты бойынша міндеттемелер	—	—	7,139,395	7,139,395
Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер	109,884	(10,405)	36,677	136,156
Басқа міндеттемелер	384,633	—	38,308	422,941

ХҚЕС (IFRS) 17 қолданудың 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі пайда немесе залалға тигізетін әсері:

Мың теңге	1 қаңтар 2022 жыл	ХҚЕС (IFRS) 4 мойындауды тоқтату	ХҚЕС (IFRS) 17 әсері	2022 жылғы 1 қаңтар (қайта есептелген)
Сақтандыру сыйақылары, жалпы сомасы	11,373,671	(11,373,671)	—	—
Қайта сақтандыруға табысталған сақтандыру сыйақылары	(898,064)	898,064	—	—
Еңбек сіңірілмеген сақтандыру сыйақылар резервіндегі өзгеріс, нетто	6,130,276	(6,130,276)	—	—
Төленген залалдар, жалпы сомасы	(5,943,800)	5,943,800	—	—
Төленген залалдар, қайта сақтандырушының үлесі	1,685,021	(1,685,021)	—	—
Сақтандыру талаптарын реттеуге арналған шығындар мен шығыстар резервіндегі өзгеріс, жалпы сомасы	150,459	(150,459)	—	—
Сақтандыру талаптарын реттеуге арналған шығындар мен шығыстар резервіндегі өзгеріс, қайта сақтандырушының үлесі	(1,518,253)	1,518,253	—	—
Комиссиялық табыстар	58,558	(58,558)	—	—
Комиссиялық шығындар	(1,060,062)	1,060,062	—	—
Сақтандыру бойынша түсім	—	—	1,303,516	1,303,516
Сақтандыру шығындары	—	—	(1,316,042)	(1,316,042)
Қайта сақтандыру шарттарына байланысты туындайтын шығыстар	—	—	293,104	293,104
Тоқтатылған қызметтен түсетін таза пайда	—	—	9,936,491	9,936,491
Инвестициялық табыс/ (залал)	(2,425,606)	—	(60,043)	(2,485,649)
Сақтандыру шарттары топтары бойынша сақтандыру бойынша қаржылық табыстар (шығыстар)	—	—	(370,533)	(370,533)
Жалақы және өзге төлемдер	(3,992,084)	—	3,992,084	—
Әкімшілік және операциялық шығындар	(1,156,106)	—	(3,491,333)	(4,647,439)
Салықтар, корпоративтік табыс салығынан басқа	(16,173)	—	16,173	—

Мың теңге	1 қаңтар 2022 жыл	ХҚЕС (IFRS) 4 мойындауды тоқтату	ХҚЕС (IFRS) 17 әсері	2022 жылғы 1 қаңтар (қайта есептелген)
Амортизация және тозу	(79,813)	—	79,813	—
Сот талқылаулары бойынша резервті есептеу	—	—	(28,512)	(28,512)
Өзге кірістер, нетто	51,793	—	44,146	95,939
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығындар	(90,946)	—	(34,959)	(125,905)

Толық ретроспективті тәсіл

ХҚЕС (IFRS) 17 көшу кезінде Компания толық ретроспективті тәсілді қолданды.

Компания 2020 жылдың 1 қаңтарында немесе одан кейін шығарылған барлық шарттарға өту кезінде толық ретроспективті тәсілді қолданды.

Түрлендірілген ретроспективті тәсіл

Компания өмір бойы аннуитеттік төлемдер портфеліндегі белгілі бір шарттар топтары үшін түрлендірілген ретроспективті тәсілді қолданды, өйткені ауысқанға дейін ол өзінің әртүрлі шоғырланымдарға жататын шарттарын есепке алу мақсатында бір топқа топтастырып отырған. Осы портфельдер үшін өту кезіндегі толық ретроспективті тәсілді қолдану Компания үшін жүзеге асырылуы мүмкін емес деп танылды, өйткені актуарлық бағалау туралы есептерден қолданыстағы өнімдер бойынша барлық қажетті тарихи деректерді алу мүмкін болмады. Сондықтан Компания қолданыстағы есеп беру жүйелерінен негізделген және расталатын ақпаратты пайдаланды, бұл ретроспективті тәсілмен алынған нәтижеге жақын нәтижеге әкелді.

Компания өту кезінде түрлендірілген ретроспективті тәсілді қолдана отырып, бір айырмашылықпен шығарылған шарттарды шарттар топтарына біріктірді, өйткені онда тек бір ай айырмашылықпен шығарылған шарттарды қамтитын қосымша топтарға шарттарды біріктіру үшін растаушы ақпарат болған жоқ.

Компания ШКҚМ компонентін немесе залал компонентін өту күніндегі өтемнің қалған бөлігі бойынша міндеттеме құрамында анықтау үшін түрлендірілген ретроспективті тәсілдің жеңіл түрін қолдануға шешім қабылдады.

Компания осы шарттар тобы үшін бастапқы тану кезінде ШКҚМ анықтау үшін келесі рәсімді қолданды:

Бастапқы тану күніне бағаланатын болашақ ақша ағындары, бастапқы тану күні мен өту күні арасында орын алған ақша ағындарына түзетілген болашақ ақша ағындарының өту күніндегі сомасы ретінде анықталды. Орын алғаны туралы мәлім болған ақша ағындары өту күніне дейін пайдалануы тоқтатылған шарттар бойынша туындайтын ақша ағындарын қамтиды.

2015 жылғы 1 қаңтардан 2022 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кезеңдегі ағымдағы дисконттау мөлшерлемелерін анықтау үшін пайдаланылатын бақыланатын табыстылық қисығы мен табыстылық қисығы арасындағы орташа спредке түзетілген, осы кезеңдегі бақыланатын нарықтық табыстылық қисығын пайдалана отырып, 2015 жылға дейінгі кезеңдегі кейбір ақша ағындарына қолданылған есептелген тарихи дисконттау мөлшерлемелері.

Сақтандыру шарттары тобының бастапқы танылған күнгі қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзетуді бағалау өту күніне дейін күтілетін тәуекелді босату шамасына көшу күніндегі қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзетуді түзету жолымен анықталды. Күтілетін тәуекелді босату Компания өту күніне шығарған ұқсас сақтандыру шарттары бойынша тәуекелді босатуды ескере отырып анықталды.

Өту күніндегі ШКҚМ қосымша келесі жолмен анықталды:

- ✓ ШКҚМ бойынша пайыздарды есептеу үшін, бастапқы тану кезінде анықталған түрлендірілген дисконттау мөлшерлемелерін пайдалану арқылы;
- ✓ өту күніне дейінгі қызметтерді табыстау салдарынан пайда немесе залал құрамында танылған шартта көзделген қызметтер үшін маржаның шамасын айқындау жолымен, осы күнге қалған өтемдеу бірліктерін және өту күніне дейінгі шарттар тобы бойынша ұсынылған өтемдеу бірліктерін салыстыру жолымен.

Компания сақтандыру бойынша қаржылық кірістерді немесе шығыстарды пайда немесе залал құрамында көрсетілетін сомаларға және басқа жиынтық табыстың құрамында көрсетілетін сомаларға бөлшектеуге шешім қабылдады.

ХҚЕС (IFRS) 9 Қаржы құралдары

ХҚЕС (IFRS) 9 2018 жылдың 1 қаңтарынан немесе одан кейінгі күні басталатын жылдық кезеңдер үшін өзін ХБЕС (IAS) 39 «Қаржы құралдары: тану және бағалауға» ауыстырды. Алайда, ХҚЕС (IFRS) 4 енгізілген түзетулерге сәйкес, Компания ХҚЕС (IFRS) 9 бастапқы қолдану күнін ХҚЕС (IFRS) 17 бастапқы қолдану күніне сәйкес келгенге дейін кейінге қалдыра отырып, ХҚЕС (IFRS) 9 қолданудан уақытша босатуды қолдану туралы шешім қабылдады.

Компания ХҚЕС (IFRS) 9 ретроспективті түрде қолданды және ХҚЕС (IFRS) 9 қолдану аясына кіретін қаржы құралдары бойынша 2022 жылғы салыстырмалы ақпаратты қайта есептеді.

ХҚЕС (IFRS) 9 қолдану нәтижесінде пайда болған айырмашылықтар 2022 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша үлестірілмеген пайдада танылды.

Жіктеуде және бағалаудағы өзгерістер

ХҚЕС (IFRS) 9 жіктеу және бағалау санатын анықтау үшін, барлық қаржылық активтер ұйымның қаржылық активтерді басқару үшін пайдаланатын бизнес-модельдің және шартта көзделген ақша ағындарымен байланысты қаржылық активтің сипаттамаларының жиынтығының негізінде бағалауын талап етеді. ХБЕС (IAS) 39 көзделген қаржы активтерді бағалау санаттары (өтеуге дейін ұсталатын, сату үшін қолданылатын пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері келесіге алмастырылды:

- ✓ пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері;
- ✓ өзге жиынтық табыс арқылы әділ құнмен бағаланған қаржы активтері;
- ✓ амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржы активтері.

ХҚЕС (IFRS) 9 қабылдауы Компанияның басқа жиынтық табыс немесе амортизацияланған құн арқылы әділ құнмен бағаланатын қаржы активтерінің құнсыздануынан болатын залалдарды есепке алуды түбегейлі өзгертті, ол үшін келтірілген залалдарды көздейтін ХБЕС (IAS) 39 тәсілін күтілетін кредиттік залалдарды көздейтін тәсілге (бұдан әрі – «ККЗ») ауыстырды.

ХҚЕС (IFRS) 9 Компанияның пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланбаған барлық қаржы активтері үшін ККЗ резервін құруын талап етеді.

Қаржы активтері үшін құнсыздануға арналған резерв есепті күннен кейін 12 ай ішінде мүмкін болатын қаржы құралы бойынша дефолттардың салдарынан туындайтын ККЗ бөлігіне негізделеді. Алайда, егер активтер пайда болған немесе сатып алынған сәттен бастап кредиттік тәуекелдің едәуір артуы анықталса, резерв құралдың бүкіл өмір сүру кезеңіндегі ККЗ негізінде есептеледі.

Оту туралы ақпаратты ашу

ХҚЕС (IFRS) 9 қолданудың 2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қаржылық күйі туралы есепке тигізетін әсері:

Мың теңге	2022 жылғы 1 қаңтар (жарияланған)	ХҚЕС (IFRS) 9 әсері	2022 жылғы 1 қаңтар (қайта есептелген)
Ақша қаражаты және олардың баламалары	5,404,342	(14,058)	5,390,284
Өзгеруі пайда мен залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша есепке алынатын қаржылық активтер	25,889,358	(144,821)	25,744,537
Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер	54,811	(2,812)	51,999

ХҚЕС (IFRS) 9 қолданудың 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша қаржылық жағдайы туралы есепке тигізетін әсері:

Мың теңге	2022 жылғы 31 желтоқсан (жарияланған)	ХҚЕС (IFRS) 9 әсері	2022 жылғы 31 желтоқсан (қайта есептелген)
Ақша қаражаты және олардың баламалары	1,501,720	(5,102)	1,496,618

Мың теңге	2022 жылғы 31 желтоқсан (жарияланған)	ХҚЕС (IFRS) 9 әсері	2022 жылғы 31 желтоқсан (қайта есептелген)
Өзгеруі пайда мен залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша есепке алынатын қаржылық активтер	15,532,812	(20,781)	15,512,031
Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер	109,884	(1,020)	108,864

ХҚЕС (IFRS) 9 қолданудың 2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдағы пайда немесе залал туралы есепке тигізетін әсері:

Мың теңге	2022 жыл (жарияланған)	ХҚЕС (IFRS) 9 әсері	2022 жыл (қайта есептелді)
Күтілетін кредиттік залалдардың бағалау резервтерін құру бойынша шығыстар	(25,884)	(1,020)	(26,904)

ХҚЕС (IFRS) 9 және ХҚЕС (IFRS) 17 қолданудың 2022 жылғы 31 желтоқсандағы үлестірілмеген пайдаға тигізетін әсері арту жағына қарай 140,357 мың теңгені құрады (2021 жылғы 31 желтоқсанына кему жағына қарай 143,066 мың теңгені құрады).

ХБЕС (IAS) 8 – «Бухгалтерлік бағалауды анықтау» түзету

2022 жылдың ақпанында ХҚЕС Кеңесі «бухгалтерлік бағалау» анықтамасы енгізілетін ХҚЕС (IAS) 8 түзетулерін шығарды. Түзетулерде бухгалтерлік бағалаудағы өзгерістер мен есептік саясаттағы өзгерістер және қателерді түзету арасындағы айырмашылық түсіндіріледі. Сонымен қатар, құжат ұйымдардың бухгалтерлік есепті әзірлеу үшін өлшеу әдістері мен бастапқы деректерді қалай қолданатынын түсіндіреді.

Түзетулер 2023 жылдың 1 қаңтарынан басталатын немесе осы күннен кейінгі жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді және есеп саясатындағы өзгерістерге және көрсетілген кезеңнің басталу күнінде немесе одан кейін болатын бухгалтерлік бағалаудағы өзгерістерге қолданылады. Осы факт ашылған жағдайда мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Бұл түзетулер Компанияның қаржы есептілігіне әсер еткен жоқ.

ХБЕС (IAS) 1 және ХҚЕС қолдану бойынша № 2 практикалық ұсыныстарға енгізілген түзетулер – «Есеп саясаты туралы ақпаратты ашу»

2022 жылдың ақпанында ХҚЕС Кеңесі ХБЕС (IAS) 1 және ХҚЕС қолдану бойынша № 2 «Маңыздылығы туралы пайымдауларды қалыптастыру» практикалық ұсыныстарға түзетулер шығарды, онда ұйымдарға есеп саясаты туралы ақпаратты ашуда маңыздылығы туралы пайымдауларды қолдануға көмектесетін нұсқаулық пен мысалдар қамтылған. Түзетулер ұйымдарға есеп саясатының «маңызды ережелерін» ұйымдардың есеп саясаты туралы «маңызды ақпаратты» ашу талабын есеп саясаты туралы маңызды ақпаратты ашу талабына ауыстыру арқылы, сондай-ақ ұйымдардың есеп саясаты туралы ақпаратты ашу туралы шешім қабылдауда маңыздылық ұғымын қалай қолдануы керектігі туралы басшылықты қосу арқылы есеп саясаты туралы неғұрлым пайдалы ақпаратты ашуға көмектесуі керек.

Бұл түзетулер Компанияның қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етпейді деп күтілуде. ХБЕС (IAS) 1 енгізілетін түзетулер 2023 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталған жыл кезеңдеріне қатысты қолданылады, мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігімен. ХҚЕС қолдану бойынша № 2 практикалық ұсыныстарға түзетулер есеп саясаты туралы ақпаратқа маңыздылық анықтамасын қолдануға қатысты міндетті нұсқаулықты қамтымағандықтан, осы түзетулердің күшіне енген күнін көрсету талап етілмейді. Бұл түзетулер Компанияның қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсерін тигізген жоқ.

ХБЕС (IAS) 12 түзетулер – «Бір операциядан туындайтын активтермен және міндеттемелермен байланысты кейінге қалдырылған салық салу»

2022 жылдың мамырында Кеңес ХБЕС (IAS) 12 түзетулерін шығарды, оған сәйкес ХҚЕС (IFRS) 12 сәйкес активтер мен міндеттемелерді бастапқы тану кезінде кейінге қалдырылған салықтарды танудан босату көлемі қысқарды. Бұдан былай ол, бастапқы тану кезінде шегерілетін және салық салынатын уақыт айырмашылықтарының тең сомалары пайда болатын операцияларға қолданылмайды.

Түзетулер ең ерте ұсынылған салыстырмалы кезеңнің басынан бастап туындайтын операцияларға қолданылады. Сонымен қатар, ең ерте ұсынылған салыстырмалы кезеңнің

басындағы жағдай бойынша кейінге қалдырылған салық активі (салық салынатын пайда жеткілікті болған жағдайда) және кейінге қалдырылған салық міндеттемесі жалға алу мен пайдаланудан шығару міндеттемелеріне байланысты шегеруге және салық салуға жататын барлық уақытша айырмашылықтар үшін танылуы тиіс. Бұл түзетулер Компанияның қаржы есептілігіне әсер еткен жоқ.

ХБЕС (IAS) 12 түзетулер — «Халықаралық салық реформасы: Pillar II типтік ережелері»

Осы ХБЕС (IAS) 12 енгізілген түзетулер BEPS ЭЫДҰ жобасы шеңберінде екінші компоненттің (Pillar II) қағидаларын қабылдау нәтижесінде шығарылған және мыналарды көздейді:

- ✓ заңнамаға Pillar II типтік ережелерін енгізуге байланысты туындайтын кейінге қалдырылған салықтарды танудан және ашудан міндетті түрде уақытша босату, және
- ✓ жаңа заңнаманың әрекеті қолданылатын ұйымдардың қаржылық есептілігін пайдаланушыларға, осы ұйымдарға заңнамада көзделген табыс салығы Pillar II ережелеріне сәйкес, оның ішінде ол күшіне енгенге дейін қандай әсер ететінін жақсы түсінуге көмектесетін ақпаратты ашуға қойылатын талаптар.

Міндетті уақытша босату өзгерістер енгізілген сәттен бастап дереу қолданылады, бұл ретте оның қолданылуы туралы ақпаратты ашу талап етіледі. Ақпаратты ашуға қойылатын қалған талаптар 2023 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты қолданылады, бірақ 2023 жылғы 31 желтоқсанда немесе осы күнге дейін аяқталатын аралық кезеңдерге қатысты қолданылмайды.

Бұл түзетулер Компанияның қаржылық есептілігіне әсер еткен жоқ.

Жаңа және қайта қаралған ХҚЕС - шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген

Төменде шығарылған, бірақ Компанияның қаржылық есептілігін шығару күніне әлі күшіне енбеген жаңа стандарттар, түзетулер мен түсініктемелер келтіріледі. Компания осы стандарттарды, түзетулер мен түсініктемелерді, егер қолданылатын болса, олар күшіне енген күннен бастап қолдануға ниетті.

ХБЕС (IAS) 1 түзетулер - «Міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді ретінде жіктеу»

2021 жылдың қаңтарында ХҚЕС Кеңесі ХБЕС (IAS) 1 69-76-тармақтарына түзетулер енгізді, оларда міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді деп жіктеу талаптары түсіндіріледі. Түзетулер мынаны нақтылайды:

- ✓ міндеттемелерді орындау мерзімін ұзарту құқығы нені білдіреді;
- ✓ міндеттемелерді орындау мерзімін ұзарту құқығы есепті кезеңнің соңында болуы керек;
- ✓ міндеттемелерді жіктеуге ұйымның міндеттемелерді орындау мерзімін ұзарту құқығын пайдалану ықтималдығы әсер етпейді;
- ✓ конвертацияланатын міндеттемедегі туынды құрал өздігінен үлестік құрал болған жағдайда ғана міндеттеменің шарттары оның жіктелуіне әсер етпейді.

Бұл түзетулер Компанияның қаржылық есептілігіне елеулі әсерін тигізбейді деп күтілуде.

Бұл түзетулер 2024 жылдың 1 қаңтарынан немесе одан кейін басталатын жылдық есептік кезеңдер үшін күшіне енеді және ретроспективті қолданылады. Қазіргі уақытта Компания осы түзетулердің тигізуі мүмкін әсерін талдауда.

ХҚЕС (IFRS) 16 түзетулер – «Кері жалдау және сату кезіндегі жалдау міндеттемелері»

2022 жылдың қыркүйегінде ХҚЕС Кеңесі ХҚЕС (IFRS) 16 түзетулерін жариялады, ол сатушы-жалға алушы сатушы-жалға алушыда қалған пайдалану құқығына қатысты пайда мен залал сомасын мойындамауы үшін сатушы-жалға алушы кері жалдау және сатып алу-сату мәмілесінің нәтижесінде туындайтын жалдау міндеттемесін бағалау кезінде пайдаланатын талаптарды нақтылайды.

Түзетулер 2024 жылдың 1 қаңтарынан немесе одан кейін басталған жылдық есептік кезеңдер үшін күшіне енеді және ХҚЕС (IFRS) 16 бастапқы қолдану күнінен кейін жасалған сатып алу-сату және кері жалдау мәмілелеріне қатысты ретроспективті түрде қолданылуы тиіс. Мерзімінен бұрын

қолдануға рұқсат етіледі және бұл факт ашылуы тиіс. Бұл түзетулер Компанияның қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етпейді деп күтілуде.

ХБЕС (IAS) 7 және ХҚЕС (IFRS) 7 түзетулер – «Жеткізушілерді қаржыландыру механизмдері»

2023 жылдың мамырында ХҚЕС Кеңесі ХБЕС (IAS) 7 «Ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы» және ХҚЕС (IFRS) 7 «Қаржы құралдары: ақпаратты ашу», стандарттарына өзгерістерді жариялады, олар жеткізушілерді қаржыландыру туралы келісімдердің сипаттамаларын түсіндіретін және осындай келісімдер туралы қосымша ақпаратты ашуды талап етеді. Түзетулерде қамтылған ақпаратты ашуға қойылатын талаптар қаржылық есептілікті пайдаланушыларға жеткізушілерді қаржыландыру келісімдерінің ұйымның міндеттемелеріне, ақша ағындарына және өтімділік тәуекеліне әсерін түсінуге көмектесуге арналған.

Түзетулер 2024 жылдың 1 қаңтарынан немесе одан кейін басталған жылдық есептік кезеңдер үшін күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі және бұл факт ашылуы тиіс. Қазіргі уақытта Компания осы түзетулердің тигізуі мүмкін әсерін талдауда.

ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ

Қаржылық активтер

Бастапқы мойындау

Бастапқы тану кезіндегі қаржы құралдарының жіктелуі олардың шарттық талаптарға және құралдарды басқарудың бизнес-моделіне байланысты

Қаржы құралдары бастапқыда мәміле жасалған күні танылады және қаржы активін немесе қаржылық міндеттемені сатып алуға немесе шығаруға тікелей қатысты мәміле бойынша шығындар сомасына пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын қаржы активі немесе қаржылық міндеттеме жағдайында ұлғайтылған немесе азайтылған әділ құны бойынша бағаланады.

Бағалау санаттары

Компания өзінің барлық қаржы активтерін активтерді басқару үшін қолданылатын бизнес-модельдің және активтердің шартты талаптарының негізінде жіктейді. Санаттар келесілерді қамтиды:

- ✓ өзге де жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағалау;
- ✓ пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағалау.

Өзгеруі өзге жиынтық табыстың құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша есепке алынатын қаржылық активтер

Қаржы активтері егер келесі шарттардың екеуі де орындалса, өзге жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша ескеріледі:

- ✓ құралдар бизнес-үлгі аясында ұсталады, оның мақсатына шартта көзделген ақша ағындарын алу, сондай-ақ қаржы активтерін сату арқылы қол жеткізіледі;
- ✓ қаржы активінің шарттық талаптары көрсетілген күндері қарыздың негізгі сомасы мен қарыздың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздар есебіне тек қана төлемдер болып табылатын ақша ағындарын алуды негіздейді.

Осы санаттағы қаржы активтері - бұл шартта көзделген ақша ағындарын алу мақсатында ұсталатын және өтімділіктің өзгеруіне байланысты немесе нарықтық жағдайлардың өзгеруіне жауап ретінде сатылуы мүмкін құралдар.

Өзгеруі пайда мен залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша есепке алынатын қаржылық активтер

Бұл санатқа басқаруы әділ құнға негізделген бизнес-модель шеңберінде жүзеге асырылатын немесе басшылықпен бастапқы тану кезінде жіктелген немесе міндетті түрде ХҚЕС (IFRS) 9 сәйкес әділ құны бойынша бағалануы тиіс қаржы активтері кіреді. Бұл санатқа SPPI-тесттен өтпеген немесе бизнес-үлгі аясында ұсталмайтын қаржы активтері кіреді, оның мақсатына шартта көзделген ақша ағындарын алу, сондай-ақ қаржы активтерін сату арқылы қол жеткізіледі.

Ақша қаражаты және олардың баламалары

Ақшалай қаражаттар бастапқы мерзімі бір айға дейінгі және ауыртпалықсыз «кері репо сатып алу» келісімдерді, брокерлік шоттардағы, ағымдағы банктік шоттардағы ақшалай қаражаттарды және жолдағы ақша қаражаттарын қамтиды.

Бизнес-үлгіні бағалау

Компания өзінің бизнес-моделін өзінің бизнес мақсатына жету үшін қаржы активтері портфельін қалай басқаратынын жақсы көрсететін деңгейде анықтайды. Компания шартта көзделген ақша ағындарын алу және сақтандыру шарттары бойынша кінәрат-талаптардың туындауына қарай оларды реттеу үшін қаржылық базаны қамтамасыз ету үшін қаржы активтерін иеленеді. Активтердің бизнес-моделін анықтау кезінде Компания сақтандыру міндеттемелерінің портфельдерін ұстап тұру үшін қажетті ақша ағындарының мерзімдерін, көлемін және құбылмалылығын, сондай-ақ Акционер үшін пайданы барынша арттыру және бизнестің болашақ дамуы әлеуетін ескереді.

Компанияның бизнес-моделі әрбір құрал бойынша емес, бақыланатын факторларға негізделген жиынтық портфельдердің жоғары деңгейінде бағаланады, атап айтқанда:

- ✓ бизнес-модельдің нәтижелілігі мен осы бизнес-модель шеңберінде ұсталатын қаржы активтерінің табыстылығы қалай бағаланады және бұл ақпарат ұйымның басты басқару қызметкеріне қалай жеткізіледі;
- ✓ бизнес-модельдің нәтижелілігіне (және осы бизнес-модельдің шеңберінде ұсталатын қаржы активтерінің табыстылығына) әсер ететін тәуекелдер және, атап айтқанда, берілген тәуекелдерді басқару тәсілі;
- ✓ бизнесті басқаратын менеджерлер қалай марапатталады (мысалы, сыйақы басқарылатын активтердің әділ құнына негізделген бе әлде шартта көзделген алынған ақша ағындарына негізделген бе).

Активтердің күтілетін жиілігі, құны және сату мерзімі де Компанияны бағалаудың маңызды аспектілері болып табылады. Бизнес-модельді бағалау «ең нашар» немесе «стресстік» сценарий деп аталатындар сияқты Компания негізді түрде күтпейтін сценарийлер негізінде жүргізілмейді. Егер бастапқы танудан кейінгі ақша ағындары ұйымның бизнес-модельді бағалау күніндегі күтулерінен өзгеше тәсілмен іске асырылса, бұл ұйымның қаржылық есептілігіндегі алдыңғы кезеңдердің қателігін көрсетуге негіз болып табылмайды, Компания осы бизнес-модельге сәйкес ұсталатын қалған қаржылық активтердің жіктелуін өзгертпейді, бірақ мұндай ақпаратты жаңа сатып алынатын қаржы активтерін жіктеу кезінде ескереді.

SPPI месі

Жіктеудің екінші кезеңінде Компания шарттың талаптары SPPI тестіне сәйкес келетіндігін анықтау үшін оларды бағалайды. Осы тесттің мақсаттары үшін негізгі сома бастапқы тану кезіндегі қаржы активінің әділ құны ретінде анықталады және осы қаржы активінің қолданылу мерзімінің ішінде өзгеруі мүмкін (мысалы, егер борыштың негізгі сомасын өтеу немесе сыйақы/дисконттың амортизациясы есебінен төлемдер орын алса). Қарыз келісіміндегі пайыздардың ең маңызды элементтері әдетте ақшаның уақытша құнын есепке алу және кредиттік тәуекел болып табылады. SPPI бағалау үшін Компания пайымдауды қолданады және қаржылық актив көрсетілген валюта және пайыздық мөлшерлеме белгіленген кезең сияқты тиісті факторларды талдайды.

Кейінгі бағалау

Өзгеруі өзге жиынтық табыстың құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша есепке алынатын қаржылық активтер

Өзге жиынтық табыс арқылы әділ құнмен бағаланған қаржылық активтер, кейіннен әділ құны бойынша бағаланады, ал осы активке жататын пайда немесе залал валюта бағамдарының өзгеруінен құнсызданудан және пайда мен залалдан түскен пайданы немесе залалды қоспағанда, басқа жиынтық табыстың құрамында танылуға тиіс. Валюта бағамдарының өзгеруінен пайыздық кірістер мен пайдалар немесе залалдар амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері сияқты пайда немесе залал құрамында танылады. Қарыз құралдарына арналған ККЗ әділ құн болып қалатын қаржылық жағдай туралы есепте осы қаржылық активтердің баланстық құнын төмендетпейді. Оның орнына, егер активтер амортизацияланған құны бойынша бағаланса, пайда болы мүмкін резервке тең сома басқа жиынтық табыстың құрамында танылады. Басқа жиынтық

табыстың құрамында танылған жинақталған сомалар, активтерді тану тоқтатылған кезде пайда немесе залал құрамына ауыстырылады.

Өзгеруі пайда мен залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша есепке алынатын қаржылық активтер

Пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер әділ құн бойынша қаржылық жағдай туралы есепте ескеріледі. Әділ құнының өзгерістері пайда немесе залал құрамында көрсетіледі. Алынған пайыздар шарттық пайыздық мөлшерлемені пайдалану арқылы көрсетіледі.

ПЗКӘҚ бойынша бағаланатын үлестік құралдар бойынша дивидендік табыс, төлем құқығын белгілеу сәтіндегі өзге пайыздық және ұқсас табыстар ретінде пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі - бұл құралдың теңгерімдік құнына әр кезеңдегі тұрақты пайыздық мөлшерлемені (тиімді пайыздық мөлшерлеме) қамтамасыз ету мақсатында тиісті кезең ішінде пайыздық кірістерді немесе пайыздық шығыстарды тану әдісі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме – бұл қаржылық құралдың күтілетін жарамдылық мерзіміне немесе, тиісті жағдайларда, қаржылық құралдың жалпы теңгерімдік құнына дейінгі қысқарақ мерзімге есептік болашақ ақшалай төлемақыларды немесе түсімдерді (болашақ кредиттік залалдарды қоспағанда) дисконттаудың дәл мөлшерлемесі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме осы құрал үшін көрсетілген өзгермелі мөлшерлеме бойынша немесе нарықтық мәніне қарамастан белгіленетін басқа да ауыспалы факторлар бойынша кредиттік спредті көрсететін сыйақыны немесе дисконтты қоспағанда, пайыздың өзгеруінің келесі күніне дейін ауыспалы мөлшерлемесі бар құралдар бойынша ақша ағындарын дисконттау үшін пайдаланылады. Мұндай сыйақылар немесе дисконттар құрал айналысының күтілетін бүкіл мерзімі ішінде амортизацияланады.

Қаржы активтерін мойындауды тоқтату

Елеулі түрлендіру жағдайларын қоспағанда, тануды тоқтату

Қаржы активін тану мына жағдайларда тоқтатылады:

- ✓ бұл қаржылық активтен ақшалай ағындарға шартпен көзделген құқықтардың әрекет ету мерзімі аяқталады; немесе
- ✓ Компания активтен ақша ағындарын алу құқығын берді немесе өзіне «өтпелі» келісім бойынша алынған ақша ағындарының үшінші тарапқа толық көлемде айтарлықтай кідіріссіз төлеуге міндеттеме алды; және немесе:
- ✓ Компания қаржы активіне меншік құқығымен байланысты барлық дерлік тәуекелдер мен пайдаларды табыстады; немесе
- ✓ Компания қаржы активіне меншік құқығымен байланысты барлық дерлік тәуекелдер мен пайдаларды табыстаған жоқ және сақтаған жоқ, бірақ осы активті бақылауды табыстады.

Компания, қабылдаушы тараптың активті тәуелсіз үшінші тарапқа сатудың практикалық мүмкіндігі болған кезде ғана бақылау табысталды деп санайды және бұл ретте, қабылдаушы тарап бұл мүмкіндікті біржақты тәртіпте және осындай табыстауға қосымша шектеулер қою қажеттілігінсіз пайдалана алады деп санайды.

Қаржы активтерінің шарттарының елеулі түрленуіне байланысты тануды тоқтату

Компания қаржы активі бойынша шартта көзделген ақша ағындарының талаптары мен ережелері, шын мәнінде, ол жаңа құралға айналатындай дәрежеде қайта қаралған кезде қаржы активін тануды тоқтатады, бұл ретте айырмашылық тануды тоқтатудан түскен пайда немесе залал ретінде танылады. Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын түрлендірілген қаржы активтері жағдайында түрлендірілген қаржы активі ККЗ бағалау мақсаттары үшін «жаңа» қаржы активі болып саналады.

Құралды тануды тоқтату қажеттілігін бағалау кезінде, басқалармен қатар, Компания келесі факторларды ескереді:

- ✓ борышқорлық құрал валютасының өзгеруі;
- ✓ пайыздық мөлшерлеменің бекітілгеннен өзгермеліге және керісінше өзгеруі;

- ✓ үлестік қатысу белгісін енгізу;
- ✓ контрагенттің өзгеруі;
- ✓ егер түрлендіру құрал бұдан былай SPPI критерийіне сәйкес келмейтіндей болса.

Егер түрлендіру ақша ағындарының айтарлықтай өзгеруіне әкелмесе, онда түрлендіру тануды тоқтатуға әкелмейді. Бастапқы ТПМ бойынша дисконтталған ақша ағындарының өзгеруінің негізінде, Компания түрлендіруден түскен пайданы немесе залалды көрсетеді.

Қаржы активтерінің құнсыздануы

Құнсызданудан күтілетін шығындар Компанияға тиесілі барлық шарттық ақша ағындары мен ол нақты алуға күтетін ақша ағындарының арасындағы айырмашылық ретінде анықталады («ақшалай қаражаттар тапшылығы»). Бұл айырмашылық бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме (немесе сатып алынған немесе құрылған кредиттік құнсызданған қаржылық активтер бойынша кредитке енгізілген түзетумен тиімді пайыздық мөлшерлеме) бойынша дисконтталады. Қаржы активтерінің құнсыздануын бағалауды Компания жеке және ұжымдық түрде жүргізеді. Бұл ретте Компания өткен оқиғаларды, ағымдағы жағдайларды, құрал бойынша болашақ ақша ағындарының күтілетін жиналуына әсер ететін ақылға қонымды және негізделген болжамдарды қоса алғанда, ақпараттың кең ауқымын ескереді.

Осы перспективалық тәсілді қолдану кезінде мыналар арасында айырмашылық жасалады:

- ✓ бастапқы танылған сәттен бастап кредиттік сапасы елеулі нашарламаған немесе төмен кредиттік тәуекелі бар қаржы құралдары («1-кезең»);
- ✓ бастапқы танылған сәттен бастап кредиттік сапаны едәуір нашарлататын және несиелік тәуекелі төмен емес қаржы құралдары («2-кезең»);
- ✓ «3-кезең» есепті күнге құнсызданудың объективті белгілері бар қаржы активтерін қамтитын болады.
- ✓ «12 айлық күтілетін кредиттік залалдар» бірінші санат үшін, ал «қызмет ету мерзімінің ішіндегі күтілетін кредиттік залалдар» - екінші санат үшін танылады.

Кредиттік тәуекелді бағалау және күтілетін несиелік шығындарды бағалау кезінде Компания сауда-саттық дебиторлық берешегінің өмір сүру кезеңінде өткен кезеңдердегі дефолттардың ықтималдығы туралы бақыланатын деректерге негізделген резервтік матрицаны пайдаланады, олар болжамды бағалауды ескере отырып түзетіледі. Әрбір есепті күнге өткен кезеңдердегі дефолттардың байқалған тарихи ықтималдығы жаңартылады және болжамды бағалаулардағы өзгерістер талданады. Сонымен қатар, Компания өткен уақыттағы нақты шығындар, ағымдағы шарттарға, ақылға қонымды және негізделген болжамдар туралы ақпараттың негізінде ерекше қарыз алушыларға қатысты жеке негізде құнсыздануға талдау жүргізеді

